Тақырыбы: «*Қазіргі заманға сай баланың тілінің дамуы».*

Жиналыстың барысы:

Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Отбасы – бұл балабақша да, мектеп те ақпарат көзі, қоғамдық ұйымдарда, еңбек ұжымы да, дос жарандары да. Отбасы – бұл әдеп пен өнер кілті. Тіптен «балалық шақ» деген ұғым отбасы мен балабақшаның бірігіп ұйымдастырған бүлдіршіндер тәрбиесімен шектеседі.

1.Психогимнастика «Күншуақ»

Ата-аналар ортаға шығып шеңбер бойымен дөңгеленіп тұрады. Ортада жарқырап тұрған күннің сәулесі мен жылуынан біздің ата-аналарда, балабақшада да жайлы. Олай болса, әрқайсымыз мына ғажап баулар арқылы күннің жылуын қабылдайық. Күннің жылуын қабылдаған оң қолымызды жүрегіміздің үстіне қоялық. Күннің мейірім жылуы біздің өн бойымызға тарап, біздің жылуымыз көбейді. Енді осы жылуды қолдарымызды ұстасып, бір-бірімізге беріп үлкен шеңбер жасайық. Міне көрдіңіздер ме, кішкене күннің мейірім жылуын бір-бірімізге беру арқылы үлкен жарық күн де пайда болды. Әрдайым осындай күн шуағындай бір-бірімізді жылытып, бір-бірімізге мейірімді, сүйіспеншілікте болады.

2.Дидактикалық ойын: «Менің баламның аты немесе есімдер сыры»

Сіздер балаларыңызға, сіздерге ата -аналарыңыз ат қойып есім берді. Әр адамның аты бір мағынаны білдіреді. Адам өз атын құрмет тұтады. Атын атап шақырған кімге де ұнайды. Ал енді сіздер балаларыңыздың аттары мен өз аттарыңыз туралы не білесіздер? Осы мақсатта сіздермен дидактикалық ойын: **«Менің баламның аты немесе есімдер сыры»** ойыны арқылы жақынырақ танысайық. Ойынның мақсаты: Ата-аналар кімнің ата-анасы екенін, яғни баласының атын айтып, өз аттарын айтып, оның қандай мағына бетінін түсіндіреді.

Ата- аналарды

3.Ойын «Киндер сюрприз»

(топтан ата-аналар бір-бірден киндер сюрпризденен алып, жұмыртқаның ішіндегі берілген сұрақтарға жауап береді)

1.Аяқта (көк киндер)

А).	Б).
Ық-ық	Щы-щы . . . . .
Ян- ян	Ті-ті . . . . .
Ап – ап	Ар-ар . . . . .
Са- са	Ыз- ыз . . . .
Із- із	Қа – қа . . . .

2.Суретке қарап әңгіме құрастыр(сары киндер)

Екі топқа слайд арқылы сурет беріп, 2-3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрату.



3.Тақпақ айтып беру(ақ киндер).

Осыған дейінгі балалардың өткен тақпақтарын мәнерлеп, анық айтып беру. 4 жол

4. «Қандай түс» (жасыл киндер)

Ақ қағазға түстер жапсырып, сол түстерге нелерді жатқызуға болатынын жазу. Мысалы:

Сары түс болса-

Көк түс болса –

Қызыл түс болса-

Жасыл түс болса –

4.Ойын «Балаңызбен қалай ойнар едіңіз?»(қызыл киндер)
(сурет бойынша ертегінің атауын тауып, сахналап көрсету).
1 топқа «Шалқан» ертегісі.



2 топқа «Бауырсақ» ертегісі.

5.Өзіңді-өзің танысаң — істің басы
«Жақсы немесе жаман қасиеттер» тренинг — Абай атамыздың «Сегіз батыр» деп басталатын жұмбағы еске түседі.

Адам баласының бойындағы қасиеттерін екі топқа бөлеміз. Оның бірі «жақсылық» болса, екіншісі «жамандық» екен. Кез келген адамнан ол екеуін табу үшін айнадағы бейнемізге қарап ойланамыз. Ал, енді сіздер берілген

парақтың оң жағына жақсы , сол жағына жаман қасиеттеріңізді жазасыздар. 3 мин
(Барлығы жазған қасиеттерін оқып шығады) Жаман қасиеттеріңізден арылғыларыңыз келе ме? Ендеше жаман қасиеттеріңізді бөліп жыртып алып «менің бойымнан осы жаман қасиеттер мәңгіге жоғалсын» — деп айтып ұсақтап жыртып тастаймыз.

Қорытынды: Бала ата-ананың айнасы-десек, баламыздың бойына осы жақсы қасиеттерді сіз бен біз болып бірлесіп сіңірейік.

Қаулы:

1.Балаларға балабақшада беріліп жатқан сапалы білім мен тәрбиені отбасында жалғастыру ата-аналарға жүктелсін.

2.Балалардың тазалығы мен денсаулығына көп көңіл бөлінсін.

3.Алдағы мерекелік шараларды бірлесіп, ұйымшылдықпен өткізу.